

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына қабылдау ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 9 шілдедегі N 548 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 20 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1577. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 11 мамырдағы N 204 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010.05.11 N 204 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына қабылдау ережелері бекітілсін.

2. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ішкі істер департаменттерінің бастықтары осы ережелерді жеке құрамға оқытуды ұйымдастырсын және олармен оқуға талапкерлерді таныстырсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді -Ішкі істер министрінің 2008.06.09 N 211 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

3. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині жоғары оқу орындарының басшылары қабылдау емтиханын ұйымдастыру және талапкерлерді оқуға қабылдауда осы Ережелердің талаптарын қатаң сақтасын.

4. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің 1999 жылғы 18 маусымдағы N 316 "Қазақстан Республикасы Ішкіісмині жоғары оқу орындарына қабылдау ережелерін бекіту туралы" бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р і -

генерал-майор

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым

бірінші вице-Министрі

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2001 жылғы 9 шілдедегі

N 548 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
жоғары оқу орындарына қабылдау
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "өңірлік" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылды;

барлық мәтін бойынша "мемлекеттік сертификат", "мемлекеттік сертификаттарды", "мемлекеттік сертификатты", "мемлекеттік сертификаттар" деген сөздер "сертификат", "сертификаттарды", "сертификатты", "сертификаттар" деген сөздермен ауыстырылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 17 мамырдағы N 289 бұйрығымен, 2006 жылғы 19 сәуірдегі N 181 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

1. Осы Ережелер "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 638 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес әзірленді және олар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ПМ) жоғары оқу орындарына қабылдау тәртібін белгіледі.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2008.06.09 N 211 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жоғары оқу орындарына орта және жоғары білімі бар, ішкі істер органдары қызметкерлеріне қойылатын талаптарға жауап беретін, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді -Ішкі істер министрінің 2004.05.08 N 266, 2008.06.09 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің жоғары оқу орындарына азаматтарды қабылдау бекітілген қабылдау жоспары бойынша үш кезеңде жүргізіледі:

бірінші кезеңде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің оқу орындарының қабылдау комиссиялары кадр дайындаудың аумақтық қағидасына сәйкес, медициналық, дене бітімі және психофизиологиялық іріктеу жұмыстарын жүргізіп, талапкерлер құрамын қалыптастырады.

екінші кезеңде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жоғары оқу орындары ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі - ҰБТ) немесе Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігінің Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандартының ұлттық орталығы (бұдан әрі - ББТМСҰО) дайындаған технологиялар бойынша өткізілетін кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша берілген сертификат баллдарына сәйкес іріктеу жүргізеді;

үшінші кезеңде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жоғары оқу орындарының мандаттық комиссиялары тыңдаушылар қатарына қабылдау ж а с а й д ы .

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді -Ішкі істер министрінің 2004.05.08 N 266 бұйрығымен .

3.1. Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына үміткерлерді іріктеу кезінде кадр дайындаудың аумақтық қағидасын сақтау үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өңірлік қабылдау комиссиялары құрылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өңірлік комиссиясының дербес құрамы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л е д і .

Ескерту: 3.1-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 17 мамырдағы N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

4. Жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен келісілген мерзімдерде медициналық, дене бітімі және психофизиологиялық көрсетулері бойынша талапкерлерді іріктеуді жүзеге асырады. Кешенді ҰБТ немесе кешенді тестілеу, сертификат баллдарына сәйкес іріктеу, жоғары оқу орындарының тыңдаушылары қатарына қабылдау Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерінде белгіленген мерзімдерде жүргізіледі , олар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің келісімі бойынша ғ а н а өзгертілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жоғары оқу орындарына түсуші талапкерлер, бірінші осы жоғары оқу орнында даярланатын мамандықты, екінші - Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерінің 3-қосымшасы бойынша мамандықты көрсетеді.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 11 маусымдағы N 411 бұйрығымен , 2004 жылғы 8 мамырдағы N 266 бұйрығымен , өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2008.06.09 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

5. Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орнына түсуші жалпы орта білім беретін ұйымдардың бітірушілері, бастауыш және кәсіптік орта оқу орнын бітірушілер (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі), ҰБТ-ға қатыспаған халықаралық оқушылармен алмасу желісі бойынша шетелде оқыған

жалпы білім беретін мектепті бітірушілер, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын жалпы орта білім беретін мектепті бітірушілер, сондай-ақ оқу орындарын шетелде бітірген азаматтар кешенді тестілеуді азамат таңдаған жоғары оқу орны бекітілген базалық жоғары оқу орнында тапсырады.

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2008.06.09 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

5.1. Ұйымдастырушылық және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін талапкерлерді кешенді тестілеуді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиялар (бұдан әрі - мемлекеттік комиссиялар) құрылады.

Ескерту: 5.1-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2005.05.17 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

6. Тесттік сынақ талапкердің қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде орта білім беру оқу бағдарламасының көлемінде төрт пән бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді -Ішкі істер министрінің 2008.06.09 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

7. Қабылдау емтихандары тестілеу формасы бойынша мына пәндер бойынша жүргізіледі :

050303 "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша:

дүниежүзі тарихы ;
Қазақстан тарихы ;
қазақ немесе орыс тілі ;
математика .

Негізгі пән болып дүниежүзі тарихы есептеледі.

290000 "Әскери техника және технология" даярлау бағытындағы мамандықтар бойынша: ішкі әскерлердің командалық-тактикалық, тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстың командалық-тактикалық, автомобильдік әскерлердің командалық-тактикалық, байланыс әскерлерінің командалық-тактикалық, әскерлерді инженерлік-техникалық қамтамасыз етудің командалық-тактикалық, әскерлерді ракеталық-артиллериялық қамтамасыз етудің командалық-тактикалық, тылдық қамтамасыз етудің командалық-тактикалық, жанар-жағар май материалдарымен қамтамасыз етудің командалық - тактикалық :

физика ;
математика ;
қазақ немесе орыс тілі ;
Қазақстан тарихы .

"Физика" негізгі пән болып табылады. <*>

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2002

жылғы 11 маусымдағы N 411 бұйрығымен , 2004 жылғы 8 мамырдағы N 266 бұйрығымен , 2005 жылғы 17 мамырдағы N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

8. Тест сұрақтарының саны әр пән бойынша - 25. Дұрыс жауап бір ұпаймен бағаланады. Тыңдаушылар қатарына қабылдау конкурсына қатысу үшін қажетті ең төменгі баллдар деңгейі 45 баллды құрайды, оның ішінде кемінде 7 балл бейіндік пәннен, ал қалған пәндер бойынша кемінде 3 балл болуы тиіс.

Ескерту: 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006.04.19 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2007.06.08 . N 242 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2008.06.09 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

9. Кешенді тестілеуге екі сағат 30 минут беріледі. Тестілеуді қайта тапсыруға р ұ қ с а т б е р і л м е й д і .

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді -Ішкі істер министрінің 2008.06.09 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

10. Дұрыс жауаптардың кодтары тестілеуден кейін өткізілетін жауап парақтарын сканерлеу аяқталғаннан кейін бірден ілінеді.

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды- ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 8 мамырдағы N 266 бұйрығымен .

11. Сертификаттарды алу үшін өткізілген кешенді тестілеу нәтижелерін мемлекеттік комиссия тест сынағы өткізілген күні жариялайды. Мемлекеттік комиссияның дербес құрамы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л е д і .

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды- ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 8 мамырдағы N 266 бұйрығымен .

12. Тестілеу өткізілгеннен кейін күнтізбелік үш күн ішінде мемлекеттік комиссия, кешенді тестілеу қорытындылары нәтижесінде әрбір қатысушыға белгіленген үлгіде жазылған сертификатты береді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді -Ішкі істер министрінің 2008.06.09 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

13. Тест сынағының нәтижесімен келіспеген азаматтың апелляцияға өтініш б е р у г е қ ұ қ ы ғы б а р .

Апелляциялық комиссия әрбір базалы жоғары оқу орнында құрылады.

Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2008.06.09 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

14. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жоғары оқу орындарына оқуға қабылдау мандат комиссиясының ашық отырысында ҰБТ немесе кешенді

тестілеу сертификаттары баллдарына сәйкес, медициналық, дене бітімі, психофизиологиялық көрсеткіштер бойынша іріктеу нәтижелерін және Ішкі істер министрлігіне, облыстардың, Алматы, Астана қалаларының және көліктегі ішкі істер департаменттеріне бөлінген қабылдау орындарын ескере отырып, конкурс б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда жазылды- ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 8 мамырдағы N 266 бұйрығымен , 2006 жылғы 19 сәуірдегі N 181 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді -Ішкі істер министрінің 2008.06.09 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

15. "Бюджеттік қаржыландыру бойынша тегін мемлекеттік білім алуға конкурс өткізу кезінде ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттары баллдарына с ә й к е с :

1) "Алтын белгі" белгісімен марапатталған оқушылардың;
2) тізбесін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) республикалық және халықаралық спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, сондай-ақ өздері таңдаған мамандығының олар жеңімпазы болып табылатын олимпиаданың, ғылыми және спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) ағымдағы жылғы жеңімпаздарының басым құқығы болады.

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды- ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 17 мамырдағы N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен , өзгерту енгізілді -Ішкі істер министрінің 2008.06.09 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

16. ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттары баллдарының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда:

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан немесе мүгедек болған ішкі істер органдары қызметкерлерінің балалары;
үздік білімі туралы құжаттары (аттестаттары, куәліктері, дипломдары) бар а д а м д а р ;

аттестат куәлік немесе дипломның ең жоғары орта баллы бар адамдар;
бейімдік пәндер бойынша ең жоғары баллы бар адамдар оқуға қабылдауға б а с ы м д ы л ы қ қ ұ қ ы қ қ а и е .

Осы қабылдау ережелеріне сәйкес жеңілдікпен қабылдану құқығын пайдаланатын адамдар растайтын құжаттар ұсынады.

Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004.05.08 N 266 бұйрығымен , 2005.05.17 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен , 2008.06.09 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

17. Жоғары оқу орындары Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Кадр жұмысы департаментіне, белгіленген тәртіп пен мерзімде мәлімет, ал оқуға қабылдау біткеннен кейін оқуға қабылдауды ұйымдастыру мен өткізу туралы қорытынды мәтінді есеп, сондай-ақ тыңдаушыларды оқуға қабылдау туралы бұйрығының көшірмесін өз кезегінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне он күн ішінде жіберу үшін ұсынады.

18. Қабылдау ережелері, қабылдау комиссияларының қабылдау емтихандарын ұйымдастыру мен өткізу туралы шешімдері, қабылдау мерзімі туралы мәліметтер талапкерлерге уақытылы жеткізілуі қажет.

19. Мандаттық комиссияның оқуға қабылдау туралы шешімі жоғары оқу орнының бастығының бұйрығымен ресімделеді. Бұйрықтың көшірмесі жұмыстан қол үзіп оқуға қабылданған тұлғаларды оқуға іссапарға аттандыруға негіз болып табылады.

20. Тыңдаушылар қатарына оқуға қабылданбаған талапкерлер ішкі істер органдарының, ішкі әскерлердің әскери бөлімдерінің қарамағына жіберіледі. Олардың оқуға қабылданбау себебі көрсетілген жеке істері қайтарылады.

21. Оқу орындарында сабақ жоғары оқу орны оқу процесінің кестесі мен оқу жоспарында белгіленген мерзімде басталады. Сабақ басталғаннан кейін 10 күн ішінде сабаққа негізсіз себеппен қатыспаған тыңдаушылар оқу орнынан шығарылады.

Оқудан шығарылғандардың орнына жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясы конкурстан өтпеген тұлғаларды сабақ басталғаннан кейін бір ай мерзім ішінде оқуға қабылдай алады.